«Жаңа Қаратон кентінің санитарлық тазалығына қызмет көрсету» үшін тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негіздемесі

Жаңа Қаратон кентінің аумағында санитарлық тазалау жұмыстары үшін жыл басынан қаражат бөлінген болатын. Аталған қызмет бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабының 3-тармағының 50) тармақшасына сәйкес екі айдан аспайтын мерзімге, яғни ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларына бір көзден алу тәсілімен келісімшарт жасақталып, кенттегі санитарлық тазалау қызметі жүзеге асырылды.

2023 жылғы 26 қаңтарда ашық конкурс тәсілімен хабарландыру жарияланды. 4 өтінім түсіп, 2 әлеуетті өнім берушіге ЖК «Муздыбаева К.К.» және «ББС» ЖШС рұқсат берілді. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «ББС» ЖШС жеңімпаз мекеменің конкурстық құжаттарын қайта қарауға шағым берді. Шағым қанағаттандырылsg, ЖК «МУЗДЫБАЕВА К.К.» «ЭкоҚалаXXI» ЖШС-мен 2023 жылғы 04 қаңтардағы №151/23 ҚТҚ қабылдау, сұрыптау және кәдеге жарату қызметі бойынша жасақталған жалға алу туралы шартының растау құжаттары меншік иесін растайтын құжаттың болмауы. Сонымен қатар жалға алынған ED №00014164 18.07.2014 жылғы МАЗ 6516а9 460-001 суару машинасының сипаттамасы конкурстық құжаттаманың 7-қосымшаның 4-тармағына сәйкес келмеуі. Жоғарыда көрсетілген негізде ЖК «Мұздыбаева» құжаттамалары сәйкес келмеуіне байланысты жіберілмеді. Бір әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпеді болып танылды.

2023 жылғы 14 сәуірде екінші рет қайта ашық конкурс тәсілімен хабарландыру жарияланды. 3 өтінім түсіп, 2 әлеуетті өнім берушіге ЖК «Муздыбаева К.К.» және «ББС» ЖШС рұқсат берілді. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «ББС» ЖШС жеңімпаз мекеменің конкурстық құжаттарын қайта қарауға шағым берді. Шағым қанағаттандырылып, ЖК «МУЗДЫБАЕВА К. К» «ЭкоҚалаXXI» ЖШС-мен 2023 жылғы 04 қаңтардағы №151/23 ҚТҚ қабылдау, сұрыптау және кәдеге жарату қызметі бойынша жасақталған жалға алу туралы шартының растау құжаттары меншік иесін растайтын құжаттың болмауы. Жоғарыда көрсетілген негізде ЖК «Мұздыбаева» құжаттамалары сәйкес келмеуіне байланысты жіберілмеді. Бір әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпеді болып танылды.

2023 жылғы 15 маусымда үшінші рет қайта ашық конкурс тәсілімен хабарландыру жарияланды. 2 өтінім түсіп, ЖК «Муздыбаева К.К.» және «LED Impress Distribution» ЖШС құжаттамалары сәйкес келмеуіне байланысты жіберілмеді. Конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті қатысушы жіберілмегеніне байланысты өтпеді болып танылды.

Кенттің тазалау қызметін сатып алуды бәсекелестік тәсілмен жүргізу мүмкін болмауына байланысты:

1. Конкурсқа берілген жағдайда жоғарыда көрсетілген кемшіліктер қайталанатыны сөзсіз себебі, полигон құжаттары жалға беруші мекемеде толық емес;

2. Кенттің санитарлық тазалау жұмыстары 5 ай бойы мүлдем жүргізілген жоқ, кент көшелері және кенттің айналасы қоқыс алаңдарына айналды;

3. Тұрғындардан наразылықтар туындап отыр;

4. Кенттің өзекті мәселесіне айналып отырған санитарлық тазалық қызметі бойынша жергілікті қоғамдастық мүшелерімен жиналыс өткізіліп, заң шеңберінде шешімін тауып, жұмыстардың орындалуын қолға алу жөнінде ұсыныс-пікірлерін айтты.

Жаңа Қаратон кентінің санитарлық тазалағына қызмет көрсету туралы сатып алу шарты «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39 бабы 3 тармағының 42) тармақшасы негізінде жасалады.

Жаңа Қаратон кенті **С.Баймуратов**